

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 469 бұйрығына 100 - қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 540 -қосымша

Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған
5-9 сыныптары үшін «Музыка және ырғақ» пәнінен жаңартылған мазмұндағы
үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін «Музыка және ырғақ» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Музыка және ырғақ сабақтарының мақсатына орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға түзете әсер ету: жағымды эмоциялық жағдай жасау (қобалжушылық, асыра қозушылық факторын жою); қимыл-қозғалыстық функцияларды ынталандыру; сенсорлық процесстерді (сезіну, қабылдау, ұғыну) және сенсорлық қабілетті дамыту және түзету; сөйлеу тілдік функциясын қалыптандыру жатады.

3. Музыка және ырғақ сабақтарының негізгі міндеттері:

1) музыка сабақтары мен оның мазмұнына жағымды қатынасты қалыптастыру;

2) музыкаға эмоциялық жауап беруге тәрбиелеу, биіктігі, күші, ұзақтығы, тембрі бойынша ажырату;

3) музыкаға деген қызығушылықты дамыту;

4) ырғақ сезімін қалыптастыру;

5) музыкалық жадын дамыту;

6) жарқын және қолжетімді музыкалық шығармалардың әсер етуі арқылы білім алушылардың өмір туралы түсініктерін кеңейту;

7) білім алушылардың әншілік аппараттын техникалық жетілдіру;

8) білім алушылардың әншілік тыныс алуын қарапайым элементтерден бастап, біртіндеп дамыту;

9) білім алушылардың дауыстарының жалпы дыбысталуын тегістеу;

- 10) жоғары дыбысты естуді, музыкалық жаын дамыту;
- 11) музыкалық орындау дағдыларын қалыптастыру;
- 12) музыканың сүйемелдеуімен ырғақты және мәнерлі қозғалу, қимыл-қозғалысын музыканың қарқыны мен ырғағымен үйлестіру қабілетін дамыту;
- 13) икемділікті, бойын билей білу сезімін, кеңістікте бағдарлау, қимыл-қозғалысын үйлестіру сезімдерін қалыптастыру;
- 14) би қимылдарына үйрету;
- 15) қимылдың мәнерлілігін және бейнені бере білу, тәртіптің жағымсыз түрін жеңе білу жұмысын жүргізу;
- 16) дыбысты айтудағы бұзылыстарды түзету.

2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

4. «Музыка және ырғақ» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдемелерінің жүзеге асырылуы орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың білім алуындағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы педагогикалық қағидаларға негізделген.

5. Білім алушыларды оқытудағы түзете дамыту қағидасы білім алушының даму кемшілігі табиғатының ерекшелігіне сәйкес ағзаның сақталған атқарымдары мен жүйесін тірек ете отырып құруды қарастырады. Түзете дамыту бағыттылық оқу әрекетін арнайы әдіс-тәсілдермен қамтамасыз етеді. Бұл ретте білім алушылардың сенсорлық ақпараттарды қабылдау және өңдеу жылдамдылығының баяулығы, танымдық белсенділігінің төмендігі және танымдық қызығушылығының әлсіздігі, қоршаған орта туралы білімі мен түсінігінің шектеулілігі, сөйлеу тілі дамуының кешеуілдеуі, тәртіпті еркін реттеу қабілетінің дамымауы, қимыл-қозғалыстағы және қимыл-қозғалысты үйлестірудегі кемшіліктер ескеріледі.

6. Оқытудың әлеуметтік бейімдеу бағыттылығының қағидасы жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделе алмауын жеңуді немесе төмендетуді білдіреді. Білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысуы үшін қажетті тәртіп нормаларын, өмірлік дағдыларды меңгеру бойынша арнайы жұмыс қарастырылады.

7. Білім алу құралы ретіндегі ойлау қабілетін, сөйлеу тілін және қарым-қатынасты дамыту қағидасы. Сөздік сөйлеу тілі негізінде қарым-қатынас дамиды, сөздік сөйлеу тілі негізінде білім алушының тәртібі реттеледі.

8. Білім алуға ерекше қажеттілігі білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі әрекеттік тәсілдеме қағидасы психологияның «жетекші әрекет» түсінігіне негізделеді. Заттық-тәжірибелік әрекет орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыны дамытудың, оқу және музыкалық әрекетінің құрылымдық компоненттерін қалыптастырудың ерекше өтемдік құралы болып табылады.

9. Ұжымдық оқу процесі жағдайындағы саралау және жекелеу тәсілдеме

қағидасы білім алуға ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға қатысты сараланған тәсілдеме бұзылыстары бір санаттағы білім алушылардың вариативтік типологиялық ерекшеліктерінің барлығына шартты болады. Педагог түзете білім беру процесін сыныптағы өзінің сипаты бойынша біртектес топтардың болуына қарай, олардың әрқайсысына арналған жұмыс мазмұнының, қарқынының, көлемінің, күрделілігінің, тәсілдері мен әдістерінің, оқуды бақылау мен уәждеу түрлері мен тәсілдерінің әр түрлі болуын есепке ала отырып ұйымдастырады. Білім алушыларды топтарға бөлу шартты және қозғалмалы түрде болады. Жіктелген тәсіл оқытудың жекелендірілуімен толықтырылады.

10. Арнайы педагогикалық басшылықтың қажеттілік қағидасы. Арнайы педагог орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушы дамуының жалпы заңдылығын, сыныптағы әрбір білім алушының танымдық мүмкіндігін, арнайы педагогикалық көмек тәсілдерін біле отырып, балалардың оқу-танымдық әрекетін ұйымдастырып қана қоймай, сонымен бірге, бұл процесті басқара алады.

11. Сабаққа дайындық және өткізу барысында мұғалім бір қатар педагогикалық талаптарды орындайды. Оларға жататын талаптар:

1) музыкалық материалды оның тәрбиелік мәнін, эстетикалық құндылығын, білім алушылардың даму деңгейіне сәйкес келетіндігін есепке ала отырып таңдай білу;

2) музыкалық шығарманы (соның ішінде жазбамен берілген) орындаудың жоғары деңгейі;

3) музыкалық шығарманың мазмұнын түсіндірген, жанрлармен таныстырған және айшықтау құралын көрсеткен кездегі білім алушылармен сөздік қарым-қатынас түрін ойластыру;

4) музыканы тыңдаған кезде бейнелік көрнекілікті (шығарманың мазмұнына сәйкес суреттер топтамасын, бейнесюжеттер) кеңінен пайдалану;

5) білім алушылардың ырғақтық суретті, музыкалық шығарманың қарқынын, динамикасын жақсы меңгеруіне көмектесетін қимыл-қозғалыстық белсенділікті ұйымдастыру.

12. Білім алушылардың музыкалық қабілетін дамытудың ең бір белсенді тәсілі ретіндегі ән айту музыкалық тәрбиелеудің негізгі болып табылады. Осыған байланысты әндер репертуарын таңдау, сондай-ақ әдіс-тәсілдерді және вокалдық-хорлық үйрету құралдарын пайдалану өте маңызды.

13. Әсіресе хормен өлең айту маңызды емдік құрал болып табылады. Әннің мәтіні мен әуеннің сұлулығы білім алушылардың қызығушылықтарын ынталандыруға, ішкі сезімдерін қоздыруға және олардың эмоциялық көңілкүйлерін байытуға міндетті. Осындай психологиялық жағдайда жағымсыз кешендер кемиді және сөйлеу тілдік қиындықтар оңай байқалады. Ән айту өкпенің және дауыс аппаратын дамытуға және нығайтуға, орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды әлеуметтік бейімдеуге көмектеседі.

14. Сабақ білім алушылардың жағдайына сәйкес таңдалатын және олардың музыка және ән айту сабағына психологиялық дайындалуына көмектесетін музыкалық кіріспеден басталады. Мұғалім әнді таңдайды және өлеңмен жұмыстың бірізділігін білім алушылардың музыкалық және ән айту дайындығына, олардың зерде даму деңгейіне тәуелді анықтайды. Барлық әнді тұтас айту қиындық тудыратын білім алушылармен жұмыста мұғалім оларға әннің жеке бөліктерін айтқызумен шектеледі.

15. Оқу материалы шектелген көлемде беріледі және біртіндеп күрделендіріледі. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың сөйлеу тілінің кеш дамуына байланысты әншілік диапазонның жеткілікті деңгейде дамымауы оларға тән ерешелік болып табылады. Сондықтан сыныптағы жұмыс үшін таңдалған өлеңдер үндесуі ыңғайлы болуға тиісті, себебі жиі жағдайда оларды до1-ре2 жоғары болмайтын әуеннің жоғарғы дыбыстарын айтуға мүмкіндік беретін үндестікке аудару қажеттілігі туындайды.

16. Оқу жылы бойына орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға 4-5 әнді үйрету және келесі дағдыларды: тыныс алу, дыбысты айту, дикция, құрылыс, ансамбльді меңгерту қарастырылады.

17. Бағдарламада музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен, сондай-ақ онысыз да ән айту қарастырылады. Сүйемелдеусіз ән айту (а капелла) интонацияның тазалығына деген зейінді жоғарылатады, әсіресе музыканы ұғыну қабілетін дамытуға көмектеседі.

18. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың зейіні өте тұрақсыз. Сондықтан музыканы қабылдау қабілетін, әншілік интонация тазалығын дамыту жұмысында әрбір кезде олардың түсінігін, дауыстық аппаратты және эмоциялық көңіл күйді белсендіре отырып, білім алушылардың зейінін бір өлеңнен басқасына жиі аударып отыру тиімді болады. Әншілік дағдыларды дамытудың мақсаты білім алушылардың әншілік аппараттарын техникалық жетілдіру ғана емес, сондай-ақ ең алдымен олардың алған дағдылары мен икемділіктерін әнді көркемдеп орындау және білім алушылардың барынша терең эстетикалық әсер алуы үшін қолдану болып табылады.

19. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың патологиялық ерекшеліктеріне байланысты олардың дұрыс тыныс алуын дамытудың үлкен маңызы бар. Сондықтан Бағдарламада білім алушылардың әншілік тыныс алуын қарапайым элементтерден бастап, біртіндеп дамыту қарастырылған.

20. Дыбыстаудағы кемшіліктер, сондай-ақ сөздік қорының кедейлігі орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ерекшелігі болып табылады, ал бұл оларға мәтіннің мағынасын түсінуге және меңгеруге бөгет жасайды. Сөйлемейтін білім алушылар өлең айтқандай болады – ызындайды, міңгірлейді, әуеннің ырғағына қарай теңселеді, қолын сермейді, аяғын тыпырлатады. Бағдарламада анық және нақты дыбыстаумен, сондай-ақ сөзбен жүйелі жұмыс (түсініксіз сөздерді және жеке айтылымдарды түсіндіру) жүргізу қарастырылған. Бұндай жұмыс өлеңнің мазмұнын түсінуге ғана емес, сонымен бірге мәнерлеп орындауға да көмектеседі.

21. Білім алушылардың музыкалық ой-өрісін кеңейтуге және музыканы қабылдауды қалыптастыруға көмектесетін музыканы тыңдау әрбір сабақтың ажырамас бір бөлігі болып табылады.

22. Музыканы тыңдағанда мұғалімнің түсініктемесінің маңызы үлкен болады. Ол білім алушыларда қызығушылықты, эмоциялық жауапты, музыканы тағы да тыңдағысы, оны түсінгісі, есте сақтағысы келетін сезімдерді тудырады. Бейнемен сүйемелденетін грамжазбадағы музыканы тыңдау тамаша орындаушыларды, вокалшыларды, аспапшыларды, әр түрлі оркестерлерді тыңдауға және көруге мүмкіндік береді. Бұлардың барлығы білім алушыларды жаңа әсермен, түсініктермен, біліммен байытады.

23. Музыканы тыңдау бүкіл сабақ бойы жүреді, білім алушылар өлеңмен жұмыс жүргізгенде және жаңа шығармалармен танысу процесінде де музыканы тыңдайды. Үйретілетін шығарма қандай да бір атақты балалар хорының орындауындағы жазбадан тыңдалады. Бұндай тыңдау білім алушылардың зейінін, есту арқылы қабылдауын белсендіреді, ал бұл өлеңді мәнерлеп, эмоциямен орындауға көмектеседі.

24. Музыканы тыңдау бойынша жұмыстың мазмұны мен ұйымдастырылуы көптеген жағдайда білім алушылардың жасы мен психофизикалық ерекшеліктеріне тәуелді болады. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушының зейін көлемінің шағын болатындығына байланысты музыкалық шығарманың орыдалу уақыты әдетте 1,5-2 минуттан аспайды.

25. Музыканы тыңдау сабағы белгілі бір тәртіпте жабдықталған (жақсы музыкалық құрал (фортепиано, баян, аккордеон), музыкалық орталық, музыкалық шығармалар жазылған аудиокассеталар, дискілер жиынтығы, иллюстрациялық материалдар) кезде ғана толыққанды болуы мүмкін.

26. Музыкалық шығарма бірнеше сабақ бойы және сабақтан тыс уақытта қайталанып тыңдалады. Тыңдаған сайын білім алушыда жаңа музыкалық әсер жинақтала береді. Қайталап тыңдаған уақытта әр түрлі ойын қимылдарын, шулы оркестердегі ойын түрлерін ендіру де пайдалы болады. Олар білім алушыға шығарманың құрылысын, оның қарқынын, ырғақтық суретін, әуен қозғалысының бағытын анықтауға көмектеседі. Музыкалық шығарманы қайталаған сайын ол жақсы таныс бола бастайды, ал ол білім алушыда үлкен қуаныш сезімін тудырады.

27. «Музыкалық-ырғақтық қимылдар» бөлімі музыкамен сүйемелденетін жалпы дамыту жаттығуларын қамтиды. Осы берілген тарау тапсырмаларын орындау барсында мұғалім Бағдарламаны басшылыққа алады. Алайда жаттығулар кешенін тым жиі ауыстыру қимылдарды орындау дәйектілігін есте сақтауға кедергі болады, білім алушылар бір тапсырманы басқасымен шатастырады. Олар бастапқыда жаттығуды педагогқа еліктеу бойынша орындайды. Білім алушылар жаттығуларды меңгерулеріне қарай қимылын музыканың қарқыны мен сипатына өздігінен үйлестіре орындай бастайды. Мұғалім олардың әрекеттерін түзеп қана тұрады.

28. Білім алушылар музыкалық-ырғақтық жаттығулар процесінде зал ішінде жүруге; бірден және қос-қостан қатар түзеуге; музыканың сипатын ажыратуға және қимылды музыка сипатына сәйкес өздігінен орындауға; музыка түріне сәйкес бейнелі қимылдарды ажыратуға және өздігінен орындауға; ара қашықтықты сақтай отырып, сап бойымнен жүруге үйренеді.

29. «Музыкалық-ырғақтық қимылдар» бөлімі ырғақтық сезімді музыкалық ойындар, би қимылдары, музыкалық құралдарда ойнау көмегімен мақсатты түрде, дәйектілікпен қалыптастырылады.

30. Бағдарламаға білім алушылардың музыкалық аспаптарында ойнау да ендірілген. Музыкалық ойыншықтар мен балалардың соқпалы құралдарына ерекше рөл беріледі, себебі олар білім алушыларды музыка аясына тартады, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және музыкалық сауаттылықтың жеке элементтерімен танысуға көмектеседі.

31. Музыка және ырғақ сабақтарында пайдаланылатын әр түрлі музыкалық аспаптар – ксилофондар, металлофондар, цитрлар, ұлттық халық аспаптары, аккордеон, үрмелі сырнай, пианино және мүмкіндігіне қарай синтезаторлар, электр музыкалық құралдар. Пайдалану тиімді болатын соқпалы және шулы құралдар – сылдырмақтар, бубендер, үшбұрыштар, қасықтар, таяқшалар, пандейрлер, маракастар, тәрелкелер (хай-хет), даңғаралар мен тамтамдар жиынтығы.

32. Сабақтағы музыкалық-ырғақтық құралдар жүйесінің барлығы білім алушылардың дене даму бұзылыстарына, қимыл-қозғалыстық аясына, музыкалық-педагогикалық жұмыстың әрбір кезеңінің түзету міндеттеріне, музыка сабағының мақсаты мен міндеттеріне тәуелді түрлендіріліп отырады. Сан алуан түрлі музыкалық-ырғақтық құралдарды үйлесімділікте пайдалануорташа ақыл-ой кемістігі барбілім алушыларды әлеуметтік бейімдеудің түпкі мақсаттарына шартты болады.

33. Сөйлеу тілі ырғағымен жұмысқа сабақ уақыты арнайы бөлінбейді, бірақ мұғалім оны әрекеттің әр түрлі түрлерімен үйлесімділікте қарастырып отырады.

34. Орташа ақыл-ой кемістігі барбілім алушыларды музыкалық мәдениеттілікке тәрбиелеу ұлттық мәдениетке жағымды қатынасты қалыптастырумен бір мезгілде жүреді. Осыған байланысты ән және музыка мұғалімі сабақ мазмұнына келесілерді қосады:

- 1) өз республикасының өмірін бейнелейтін Қазақстан композиторларының шығармашылық мұрасын зерделеу;
- 2) жеке және аспаптық орындалған халық әндері мен күйлерін тыңдау;
- 3) қазақ халық аспаптарының (домбыра, қобыз, сыбызғы) дыбысталуының тембрлік ерекшеліктерін салыстыру.

35. Мұғалім жоспарлаудан бастап, әрбір кезеңдегі жұмыстың тәсілі мен түрін өздігінен таңдайды. Таңдау кезінде пайдаланылатын дидактикалық қағидалар:

1) білім алушының жан-жақты білімі және оған шынайы, әлеуметтік көмек көрсету;

2) педагогикалық түпкі ойды білім алушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне және қоршаған орта жағдайына қарай бейімдеу;

3) әдістерді, дидактикалық құралдарды, жұмыс қарқынын жекешелендіру;

4) оқытылатын материалдың қолжетімділігі;

5) қиындықтардың біртіндеп өсуі;

6) білім алушылардың оқыту процесіне белсенді және саналы түрде қатысуы;

7) жан-жақты көрнекілік және мысал;

8) кіріктірілген әсер (ішкі және пәнаралық байланыстар, мамандардың өзара әрекеттенуі).

36. Бағдарламаның оқу материалы орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушының өмірлік қажетті тәжірибелік икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Қалыптастырылатын икемділіктер күнделікті өмір қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты болады.

37. Саралау тәсілі дәрігердің ұсынысын есепке ала отырып, әрбір білім алушы үшін берілетін дене және қимыл-қозғалыстық жүктемені реттеуге арналған. Білім алушыларды музыка және ән сабақтарында саралау А.С.Соболев ұсынған орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың музыкалық-әншілік шамасының сипаттамасына сәйкес жүзеге асырылады.

38. Түзету тәсілі орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға тән кемшіліктерді түзетуге әсер ететін және олардың зерделік және дене тұрғысынан дамуына көмектесетін арнайы педагогикалық тәсілдер қолданылатын оқыту процесін білдіреді. Түзету жұмысының педагогикалық тәсілдері орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың өтемдік процесстерін ынталандыратындығымен және оларда жаңа жағымды сапаларды қалыптастыруға мүмкіндік беретіндігімен ерекшеленеді. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың кемшіліктерін түзету мектептің оқу-тәрбие жұмысының барлық процесінде жүзеге асырылады.

39. Оқыту тәсілі ретінде ойын түрлерін пайдалану білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын белсендіруге көмектеседі. Әрекеттің ұжымдық түрін ұйымдастыруға бағытталған ойын тәсілдері білім алушыларын шағын топ мүшелерінің пікірін сыйлауға, соңғы нәтижеге жету үшін талпынуға көмектеседі.

40. Ақпараттық-коммуникациялық технология (бұдан әрі – АКТ) әдетте қолданылатын құралдардың көмегімен құрылуы мүмкін емес дамыту және түзету міндеттерін шешу үшін қажетті оқыту жағдайларын «құрастыруға» көмектесе отырып, арнайы білім беру педагогы үшін қажетті құралдардың арсеналын кеңейтеді.

41. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудағы күтілетін нәтижелер аясын анықтау және оларды алдын ала жоспарлау мүмкін емес. Әрбір білім алушы дамуының өзіндік қарқыны, өзіндік қабілеті мен

шектеулілігі болады. Оның дамуы мүмкін деген бағытын ғана болжауға болады. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды бағалаудың жалпы қабылданған шәкілімен бағалауға болмайды. Жетістіктерді, даму деңгейін білім алушылардың жетістіктерінің педагогикалық өзіндік диагнозы болып табылатын сипаттамалық бағалау көмегімен бағаланады.

42. Сипаттамалық бағалаудың ерекшеліктері:

1) ол жалпылама түрде болмайды, білім алушының белгілі бір кезеңдегі (сондай-ақ жұмыс мақсатының қысқаша сипаттамасы қарастырылады) нақты жұмысының қорытындысы болуға тиісті;

2) сызбаға ұқсас болмайды, жекешеленген түрде болуға тиісті;

3) өткен жолғы бағаланған деңгеймен салыстырылғандағы жеткен деңгейдің сипаттамасы (яғни білім алушының жұмысы бұрынғыдай ма әлде жақсарды ма әлде нашарлады ма) болуға тиісті;

4) білім алушының мүмкіндіктеріне қатысты оқудағы жетістіктерін бағалайтын (білім алушы өзі үшін жоспарланған материалды қалай меңгергені туралы пікір болады) құжат болуға тиісті;

5) баға жағымды болуға тиісті (жетістіктің болмауы жағымсыз бағаланбайды), бірақ ата-аналарда өзінің баласы туралы жаңсақ пікір туындамауы үшін білім алушылардың жетістіктері шынайы бағалануға міндетті.

43. Музыка және ырғақ сабақтары түзету бағыттында, ал оқыту нәтижесі орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың музыкалық-ырғақтық жеке мүмкіндіктеріне тәуелді болатынына ескере отырып, бағалау сөздік қолдау және ынталандыру арқылы жүзеге асырылады.

3 - тарау. «Музыка және ырғақ» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

44. «Музыка және ырғақ» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта аптасына – 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 6-сыныпта аптасына – 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

3) 7-сыныпта аптасына – 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

4) 8-сыныпта аптасына – 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

5) 9-сыныпта аптасына – 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

45. Бағдарламаның мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды:

1) өлең айту;

2) музыка тыңдау;

3) музыкалық-ырғақтық жаттығулар;

4) музыкалық аспаптарда ойнау;

5) билер.

46. 5-сыныпқа арналған «Музыка және ырғақ» пәнінің базалық мазмұны:

1) әр түрлі сипаттағы музыкаға деген эмоциялық әсерді және жауапты дамыту. Айтылған өлеңді өздігінен тануды және атауды, өлеңнің әр түрлі бөліктерін (бастамасы, қайырмасы, аяқталуы) жіктей білуді дамыту;

2) түрі мен сипатына қарай сан алуан түрлі музыкалық шығармаларды анықтау: марш, би, өлең (көңілді, мұңды, жайлы), күй;

3) музыкалық ірі жанрлармен: опера, балет танысу;

4) соқпалы-шулы аспаптарда (бубен, дағыра); пернелі аспапта (фортепиано) ойнауға үйрену;

5) аспаптармен (виолончель, жетіген), олардың дыбысталуымен танысу;

6) әншілік қалыпқа: өлең айтқанда дене мен басты ширықтырмай, түзу қалпын сақтай, дұрыс отыру немесе тұруға үйрету, әншілік дикция мен дыбысты құру (у, о, а, и, е, э дәйектілігінде) бойынша жұмыс негізі болып табылатын дауысты дыбыстардың артикуляциясын қою;

7) ре1-си1 диапазонында өлең айту, диапазонның ортаңғы бөлігін (ми1 – ля1) нығайту;

8) әуенді нақты айтқанда дыбысты әндете айта білуді дамыту. Зейінді бірыңғай интонацияға белсендіру;

9) әндеткенде және ырғақтық жаттығуларды орындағанда есту арқылы қабылдау мен ырғақ сезімін дамыту;

10) әншілік тынысты дұрыс алуға (тынысты музыкалық тіркестің басталар алдында алу, тынысты бөлу, ұзақ тіркестерде тынысты ұстап тұруды) қалыптастыру. Тынысты жайлап, шусыз, иықты көтермей, барлық сыныппен бір мезгілде алуға қол жеткізуге үйрету;

11) шапшаң сипаттағы өлеңдерді жеңіл, сазды сипаттағы өлеңді байыппен айта білуді дамыту;

12) өлең айтуды мұғаліммен бірге бастауды, басталуын естуді, сыныптастарының өлеңін тыңдай білуді дамыту;

13) өлең әуенінің сипатының (көңілді, мұңды, байсалды) негізінде оның мазмұнын түсінуді дамыту;

14) музыкалық шығарма бөліктерін қимылда бере білуді, музыкалық тіркестерді кезектестіре білуді дамыту.

15) музыкадағы динамикалық көңіл күйді, тактының күшті бөліктерін қимылда бере білуді дамыту. Сан алуан түрлі қимылдардың қарқынын өздігінен жылдамдату және баяулатуды дамыту;

16) әйгілі би қимылдарының элементтерін қолдана отырып, серіппелі, байсалды, екпінді қимылдарды орындауға үйрету.

47. 6-сыныпқа арналған «Музыка және ырғақ» пәнінің базалық мазмұны:

1) әр түрлі сипаттағы музыкаға деген эмоциялық әсерін дамыту. Дыбыстарды биіктігі (жоғары, төмен, орташа) бойынша және ұзындығы (қысқа, ұзақ) бойынша ажырата білуді қалыптастыру. Мазмұны мен сипаты сан алуан түрлі: марштық, би, көңілді, мұңды музыкалық шығармаларды анықтауға үйрету. Соло және хормен өлең айтумен танысу;

2) музыкалық шығармалардағы әуеннің созылыңқы және үздік-создық болуы туралы түсінікті қалыптастыру. Әр түрлі музыкалық ұжымдармен: ансамбль, оркестр таныстыру. Опера, балет, сифония музыкаларымен танысуды жалғастыру;

3) соқпалы-шулы құралдар мен фортепианода ойнау дағдыларын бекіту. Музыкалық аспаптар – гитара, арфа;

4) әншілік дағдылар мен икемділіктерді өткен сыныптағы материалдарда, сондай-ақ жаңа материалдарда бекіту. Әншілік тыныс алуды қарапайым меңгеру негізіндегі әндете дыбыстау жұмысын жалғастыру. Әншілік диапазонды нығайту және оны до1–си1 көлемінде (бірінші жартыжылдық), до1–до2 (екінші жартыжылдық) кеңейту жұмыстарын жалғастыру. Сөйлеу тазалығын және барлық диапазондағы дыбысталудың тегістелуін жетілдіру жұмысын жалғастыру. Унисон өлең айту, үйренген динамикалық реңкі қарапайым өлеңдерін мәнерлеп, эмоциялық тұрғыда орындау жұмысын жалғастыру. Дауысты дыбыстарды дұрыс қалыптастыру және дауыссыз дыбыстарды анық айту, екпін түсетін буындар мен дауыссыз дыбыстарды өлең мәтініндегі сөздердің мағыналық қатынасына сәйкес ерекшелік білуді дамыту;

5) музыкадағы ырғақтық суретті, акцентті, қарқынды және динамикалық өзгерістерді өздігінен бере білуге жаттығу;

6) музыкалық тіркес бөліктерінің, музыканың сәл қарама-қайшылығы бар бөліктерінің ауысуына сәйкес қимылын өздігінен өзгерту;

7) қимыл-қозғалысты әуеннің кіріспесінен кейін бастай білуді қалыптастыруға жаттығу;

8) ойынның жаңа нұсқаларын, би қимылдарының элементтерін, оларды құрамдастыруға үйрену және ойлап табу, қарапайым би композициясын құрастыру;

9) өлеңмен, сөзбен сүйемелденетін ойындар. музыкалық ертегілер мен өлеңдерді сахналау;

10) бұрын үйренген би элементтерін орындау. Әр түрлі халықтардың би элементтерін ажыратуға жаттығу. Кадриль қадамын меңгеру: үш жай және бір жеңіл қадам, аяқтың ұшы созылған. Серіппелі жүгіріс. Артқа қарай қозғала (арқамен) секіру. Табанымен және аяғының ұшымен ұсақ қадамдарды жылдам орындау. Халық билерін үйрену.

48. 7-сыныпқа арналған «Музыка және ырғақ» пәнінің базалық мазмұны:

1) музыкалық шығарма бөліктерін ажырата білуді дамыту. Өлеңді сүйемелдеудегі және аспаппен орындаудағы әуенді тани білуді дамыту;

2) музыкалық аспаптармен (сыбызғы) және олардың дыбысталуымен танысу;

3) соқпалы-шулы құралдарда, фортепиано, металлофоне ойнау дағдыларын бекіту;

4) әншілік дағдылар мен икемділіктерді өткен сыныптағы материалдарда, сондай-ақ жаңа материалдарда бекіту. Тіркестерінің арасында үзілісі болмайтын өлеңдерді орындағанда тыныс алуды жылдам, бірақ сабырлықпен ауыстыра

білуді дамыту. Динамикалық реңктері әр түрлі (дыбысталуды күшейткенде және төмендеткенде) әуенді өлеңді орындағанда тыныс алуды бөле білуге үйрету. Өлеңнің айтылу сапасын есту арқылы бақылай білумен сөйлеу тазалығы мен унисонның тұрақтылығы бойынша жұмысты жалғастыру. Өлеңді бір дауыспен орындау диапазоны до1-до (ре)2. Бір буындағы екі дыбысты әндеткенде дауысты дыбыстарды дұрыс қалыптастыра білуді дамыту;

5) жақсы таныс өлеңнің ырғағын аспаптың сүйемелдеуімен, шапалақтау арқылы дыбыссыз артикуляция жолымен бере білуді дамыту. Дыбыстарды биіктігі және әуеннің қозғалыс бағыты бойынша (жоғары, төмен және орташа дыбыстар; әуеннің қозғалысы жоғары, төмен және биіктікте) саралау;

б) «диско» стиліндегі заманауи би элементтері. Оқытудың дәйектілігі – білім алушылар алдымен қимылдарды қолымен, аяғымен, денесімен жеке орындауға үйренеді, содан кейін оларды әр түрлі би қимылдарымен үйлестіріп қайталау. Заманауи би элементтерін алдымен бір орында тұрып, баяу қарқында, содан кейін музыканың сүйемелдеуімен қажетті қарқында қайталау қарастырылады. Ұсынылған элементтерді меңгеруге қарай жаңа жаттығуларды қосу, қимылдарды күрделендіру, қарқынды арттыру, қимыл амплитудасын арттыру. Билеу үшін білім алушылардың музыкалық қызығушылықтарын есепке ала отырып, мұғалімнің шешімі бойынша заманауи музыканы пайдалану қарастырылады.

49. 8-сыныпқа арналған «Музыка және ырғақ» пәнінің базалық мазмұны:

1) өлеңді сүйемелдеудегі және аспаптық шығармадағы әуенді ажырата білуді дамыту;

2) музыкалық аспаптармен (саксофон, виолончель) және олардың дыбысталуымен танысу. Соқпалы-шулы металлофонда ойнау дағдыларын бекіту;

3) жеңіл жаттығуды, өлеңдерді балалар пианиносында, аккордеонда, үрмелі сырнайда орындау. Таныс өлеңнің негізгі әуенін музыкалық аспаптармен бере білуге және берілген ырғақ бойынша таныс өлеңді анықтай білуге жаттығу;

4) әншілік дағдылар мен икемділіктерді өткен сыныптағы материалдарда, сондай-ақ жаңа материалдарда бекіту;

5) тіркестерінің арасында үзілісі болмайтын өлеңдерді орындағанда тыныс алуды жылдам, бірақ сабырлықпен ауыстыра білуді дамыту;

б) динамикалық реңктері әр түрлі (дыбысталуды күшейткенде және төмендеткенде) әуенді өлеңді орындағанда тыныс алуды бөле білуді дамыту;

7) бір буындағы екі дыбысты әндеткенде дауысты дыбыстарды дұрыс қалыптастыра білуді дамыту;

8) өлең айту сапасын тыңдау арқылы бақылай білуді дамыту;

9) өлеңнің мәнерлілігі үшін сан алуан түрлі құралдарын (қарқын, динамикалық реңктер) пайдалану;

10) музыкалық ырғақты және жақсы таныс өлең тіркесін немесе шумағын аспаптың сүйемелдеуімен, дыбыссыз артикуляция жолымен бере білуді дамыту;

11) сөйлеудің тазалығы мен унисонның тұрақтылығы бойынша жұмыс жүргізу;

12) музыкалық шығарма бөліктерін саралай білуді дамыту;

13) музыкадағы метрді, ырғақтық суретті, акцентті, қарқындық және динамикалық өзгерістерді өздігінен бере білуге жаттығу. Музыкалық тіркес бөліктерінің, музыканың сәл қарама-қайшылығы бар бөліктерінің ауысуына сәйкес қимылын өздігінен өзгерту;

14) қимыл-қозғалысты әуеннің кіріспесінен кейін бастай білуді қалыптастыруға жаттығу;

15) ойынның жаңа нұсқаларын, би қимылдарының элементтерін, оларды құрамдастыруға, қарапайым би композицияларын құрастыруға үйрену және ойлап табу;

16) өлеңмен, сөзбен сүйемелденетін ойындар;

17) музыкалық ертегілер мен өлеңдерді сахналау.

50. 9-сыныпқа арналған «Музыка және ырғақ» пәнінің базалық мазмұны:

1) динамикалық реңктердің (форте — қатты, пиано — ақырын) мәнерлілік мәні туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру;

2) музыкадағы көркем бейнелер. Тән ерекшеліктер. Идеялық және көркемдік мазмұны. Бейнелер құруға көмектесетін музыкалық құралдар;

3) марштарды (әскери, спорттық, мерекелік, ойнақы, қаралы), билерді (вальс, полька, полонез, танго, қол ұстасып айналып билеу) ажырата білуді дамыту;

4) музыканың көп атқарымдылығы (көңіл көтеру, спорттық, демалуға, босаңсуға арналған музыка) туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру;

5) әншілік дағдылар мен икемділіктерді өткен сыныптағы материалдарда, сондай-ақ жаңа материалдарда бекіту;

6) жеңіл, жақсы таныс өлеңдерді аспаптардың сүйемелдеуінсіз орындай білуді дамыту. Кантиленамен жұмыс;

7) дыбыстарды биіктігі және әуеннің бағыты бойынша: жоғары, төмен және орташа дыбыстар, әуеннің өршімелі, төмендемелі және бір биіктегі қозғалысын саралау;

8) қолмен әуен бағытын (жоғарыдан төмен және төменнен жоғары) көрсете білуді дамыту;

9) тыңдау арқылы күшті бөлігін анықтай білуді дамыту;

10) жылдам қарқында орындалатын шығарманың мәтінінің анық айта білуін дамыту;

11) халық музыкалық аспаптар оркестрінің құрылысы және дыбысталуы туралы түсініктерді қалыптастыру. Қазақ халқының музыкалық аспаптары: домбыра, қобыз, жетіген, қылқобыз, сыбызғы, асатаяқ, шаңқобыз, сырнай;

12) орыс халқының музыкалық аспаптары: домра, мандолина, баян, гусли, сыбызғы, гармонь, сылдырақ, ағаш қасықтар, бас-балалайка;

13) балалар пианиносында, аккордеонда, үрмелі сырнайда бір октава көлеміндегі гамманы жылдам қарқында орындау. Қарапайым әуендерді ойнауды үйрену. Әр түрлі ырғақтарды дағыра мен бубенде орындау;

14) музыкалық шығарма бөліктерін қимылда бере білу, музыкалық тіркестерді кезектестіру. Музыкадағы динамикалық өршуді, тактының күшті бөлігін қимылда бере білу. Әйгілі би қимылдарының элементтерін қолдана отырып, серіппелі, байсалды, екпінді қимылдарды орындау;

15) өлеңді сахналағандағы ойын бейнелерін бере білуге жаттығу. Музыкалық әңгіменің толық желісін қимылда бере білу. Рөлдерді аяқ астынан ауыстыруды жүзеге асыру. Ойындар мен билерге нұсқалар ойлап табу. Қиялдағы заттармен әрекеттену. Өлеңмен және сөзбен сүйемелденетін шапшаң қимылды ойындар;

16) музыкалық аспаптарда ойнау. Таныс музыкалық аспаптарда ойнау дағдыларын бекіту;

17) қимылды орындаудың белгілі бір бекітілген (алдын ала белгіленген) дәйектілігі бар «Диско» стиліндегі заманауи би элементтері. Еркін тұруымен ерекшеленетін билер. Музыканың сипатықолдың, аяқтың, дененің нақты, ырғақты қимылымен және қадамдардың ырғақты үйлесуімен беріледі;

18) заманауи музыканы білім алушылардың музыкалық қызығушылығын есепке ала отырып, мұғалімнің шешімімен пайдалану қарастырылады;

19) өткен сыныптарда үйренген би элементтерін қайталау. Аяқтың ұшымен адымдау, полька қадамы. Кең, биік жүгіріс. Қатты секіру, бүйірлеу шабу. Орыс билерінің элементтері: адымдап жүрелеу, аяғын өкшесіне қойып жартылай жүрелеу, бір орында және қозғала отырып жүрелеу, жартылай жүрелеу. Қимылды жұппен орындау: бүйірлей шабу, секіру. Қазақ билерінің элементтерін орындау. Халық билерінің негізгі қимылдарын меңгеру. Музыкалық-ырғақтық тапсырмаларды орындаудағы нақтылыққа қол жеткізу;

20) $3/4$ шамасындағы музыканың ырғақтық сипатын қабылдауға үйрену. Дирижер ишаратын түсіну – жер (қол төмен), жазық дала (қол жан-жаққа), аспан (қол жоғары). Допты шеңбер арқылы лақтыру: қатты бөлікте – лақтыру, оң жақтағы әлсіз бөлікте – допты ауаға лақтыру, сол жақтағы әлсіз бөлікте – ұстап алу. Қадамдарды пайдалану: күшті бөлікке – ұзын қадам, әлсіз екі бөлікке – қысқа екі қадам (вальстегідей аяқтың ұшымен жүрген дұрыс болады). Биге үйрену – вальс (вальс-әзіл – қимыл ойнақы, секірістер, вальс-мазурка – сазды қимылдар). Қазақ, орыс, украин, билерінің қимылдарын ажыратуға үйрену.

51. Оқыту мақсаттарының мазмұны пәндік сипаттағы білім мен икемділікті ғана емес, сонымен бірге оларды шынайы тәжірибеде қолдануды, пәнаралық және тәртіпаралық байланысты жүзеге асыруды, сөйлеу тілдік әрекет түрлерін және коммуникативтік дағдыларды дамытуды қарастырады.

52. «Музыка және ырғақ» оқу пәні күтілетін нәтижелер (дағдылар немесе

икемділіктер, білім немесе түсініктер, қолданыс) түріндегі сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімдер мен бөлімшелер бойынша ұйымдастырылған. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікті сақтай отырып құрастырылған оқу мақсаттары мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оларға оқудың келесі кезеңдерінен хабардар болуға мүмкіндік береді.

53. Бағдарламаның мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім «Ән айту»;
- 2) 2-бөлім «Музыка тыңдау»;
- 3) 3-бөлім «Музыкалық-ырғақтық жаттығулар»;
- 4) 4-бөлім «Музыкалық аспаптарда ойнау»;
- 5) 5-бөлім «Билер».

4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

54. Бағдарламада оқу мақсаттарын қолдануға, мониторинг өткізуге тиімді болу үшін кодтық белгі енгізілген. Кодтық белгідегі бірінші сыныпты, екінші сан бөлімді, үшінші сан оқу мақсатының реттік нөмерін көрсетеді. Мысалы, 5.2.4 кодындағы «5» – сынып, «2» – бөлім, «4» – оқу мақсатының реттік саны.

55. Оқыту мақсаттарының мазмұны:

- 1) «Өлең айту»:

1-кесте

Оқыту мақсаттары				
5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
5.1.1 әншілік қалыпты: ән айтқанда дене мен басты ширықтырмай, түзу қалпын сақтай, дұрыс отыру немесе тұру; меңгеру; 5.1.2 әншілік дикция мен дыбысты құру (у, о, а, и, е, э дәйектілігінде) бойынша жұмыс негізі болып	6.1.1 әншілік дағдылар мен икемділіктерді өткен сыныптағы материалдарда, сондай-ақ жаңа материалдарда бекіту; 6.1.2 әншілік тыныс алуды қарапайым меңгеру негізіндегі әндете	7.1.1 әншілік дағдылар мен икемділіктерді і бекіту; 7.1.2 тіркестерінің арасында үзілісі болмайтын әндерді орындағанда тыныс алуды жылдам, бірақ сабырлықпен ауыстыру; 7.1.3 динамикалық	8.1.1 әншілік дағдылар мен икемділіктерді өткен сыныптағы материалдарда, сондай-ақ жаңа материалдарда бекіту; 8.1.2 тіркестерінің арасында үзілісі болмайтын әндерді	9.1.1 әншілік дағдылар мен икемділіктерді өткен сыныптағы материалдарда, сондай-ақ жаңа материалдарда бекіту; 9.1.2 жеңіл, жақсы таныс өлеңдерді аспаптардың сүйемелдеуінсіз орындау; 9.1.3 кантиленамен

<p>табылатын дауысты дыбыстардың артикуляциясын автоматтандыру; 5.1.3 ре1-си1 диапазонында өлең айту, диапазонның ортаңғы бөлігін (ми1 – ля1) нығайту; 5.1.4 әуенді нақты айтқанда дыбысты әндете айтуға қол жеткізу; 5.1.5 зейінді бірыңғай интонацияға белсендіру; 5.1.6 әндеткенде және ырғақтық жаттығуларды орындағанда есту арқылы қабылдау мен ырғақ сезімін дамыту; 5.1.7 әншілік тынысты дұрыс алуға (тынысты музыкалық тіркестің басталар алдында алу, тынысты</p>	<p>дыбыстау жұмысын жалғастыру; 6.1.3 әншілік диапазонды нығайту және оны до1–си1 көлемінде (бірінші жартыжылдық), до1-до2 (екінші жартыжылдық) кеңейту жұмыстарын жалғастыру; 6.1.4 айту интонациясының тазалығын және барлық диапазондағы дыбысталудың тегістелуін жетілдіру; 6.1.5 унисон ән айту, үйренген динамикалық реңкі қарапайым әндерін мәнерлеп, эмоциялық эмоциялық тұрғыда орындау жұмысын жалғастыру; тұрғыда</p>	<p>реңктері әр түрлі (дыбысталуды күшейткенде және төмендеткенде) әуенді әнді орындағанда тыныс алуды бөле білу; 7.1.4 әннің айтылу сапасын есту арқылы бақылай білгендігімен сөйлеу интонациясының тазалығы мен унисонның тұрақтылығы бойынша жұмысты жалғастыру; 7.1.5 әнді бір дауыспен орындау диапазоны до1-до (ре)2; 7.1.6 бір буындағы екі дыбысты әндеткенде дауысты дыбыстарды дұрыс қалыптастыру; музыкалық ырғақты, тіркесті немесе шумақты айта</p>	<p>орындағанда тыныс алуды жылдам, бірақ сабырлылықпен ауыстыру; 8.1.3 динамикалық реңктері әр түрлі (дыбысталуды күшейткенде және төмендеткенде) әуенді әнді орындағанда тыныс алуды бөле білу; 8.1.4 бір буындағы екі дыбысты әндеткенде дауысты дыбыстарды дұрыс қалыптастыру; 8.1.5 ән айту сапасын тыңдау арқылы бақылау; 8.1.6 әннің мәнерлілігі үшін сан алуан түрлі құралдарын (қарқын, динамикалық реңктер) пайдалану;</p>	<p>жұмыс; 9.1.4 дыбыстарды биіктігі және әуеннің бағыты бойынша: жоғары, төмен және орташа дыбыстар, әуеннің өршімелі, төмендемелі және бір биіктегі қозғалысын жіктеу; 9.1.5 қолмен әуен бағытын (жоғарыдан төмен және төменнен жоғары) көрсету; 9.1.6 тыңдау арқылы күшті бөлігін анықтау, 9.1.7 жылдам қарқында орындалатын шығарманың мәтінінің анық айтылуына қол жеткізу.</p>
--	--	---	---	---

<p>бөлу, ұзақ тіркестерде тынысты ұстап тұру), тынысты жайлап, шусыз, иықты көтермей, барлық сыныппен бір мезгілде алуға қол жеткізу; 5.1.8 шапшаң сипаттағы өлеңдерді жеңіл, сазды сипаттағы әнді байыппен айту; 5.1.9 ән айтуды мұғаліммен бірге бастау, басталуын есту, сыныптастарының өлеңін тыңдау; 5.1.10 ән әуенінің сипатының (көңілді, мұңды, байсалды) негізінде оның мазмұнын түсіну</p>	<p>орындау жұмысын жалғастыру; 6.1.6 дауысты дыбыстарды дұрыс қалыптастыру және дауыссыз дыбыстарды анық айту, екпін түсетін буындар мен дауыссыз дыбыстарды эмоциялық тұрғыда орындау жұмысын жалғастыру; 6.1.6 дауысты дыбыстарды дұрыс қалыптастыру және дауыссыз дыбыстарды анық айту, екпін түсетін буындар мен дауыссыз дыбыстарды ән мәтініндегі сөздердің мағыналық қатынасына сәйкес ерекшелуге үйрену</p>	<p>білуді дамыту; бір буындағы екі дыбысты әндеткенде дауысты дыбыстарды дұрыс қалыптастыру ; музыкалық ырғақты, тіркесті немесе шумақты айта білуді дамыту; дауысты дыбыстарды дұрыс қалыптастыру ; музыкалық ырғақты, тіркесті немесе шумақты айта білуді дамыту; 7.1.7 жақсы таныс өлеңнің ырғағын аспаптың сүйемелдеуімен, шапалақтау арқылы дыбыссыз артикуляция жолымен бере білу; 7.1.8 дыбыстарды биіктігі және әуеннің қозғалыс бағыты бойынша</p>	<p>8.1.7 музыкалық ырғақты және жақсы таныс әнтіркесін немесе шумағын аспаптың сүйемелдеуімен, дыбыссыз артикуляция жолымен бере білуді дамыту; 8.1.8 интонацияның тазалығы мен унисонның тұрақтылығы бойынша жұмыс жүргізу; 8.1.9 үйренген әндерді ырғақпен және құрылыспен ансамблін сақтай мәнерлеп айту.</p>	
--	---	---	--	--

		(жоғары, төмен және орташа дыбыстар; әуеннің қозғалысы жоғары, төмен және биіктікте) жіктеу		
--	--	---	--	--

2) «Музыка тыңдау»:

2-кесте

Оқыту мақсаттары:				
5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
5.2.1 әр түрлі сипаттағы музыкаға деген эмоциялық әсердің болуы; 5.2.2 айтылған өлеңді өздігінен тану және атау; 5.2.3 өлеңнің әр түрлі бөліктерін (бастамасы, қайырмасы, аяқталуы) жіктеу; 5.2.4 түрі мен сипатына қарай сан алуан түрлі музыкалық шығарманы анықтау: марш, би, өлең (көңілді, мұңды, жайлы), күй;	6.2.1 әр түрлі сипаттағы музыкаға деген эмоциялық әсерін дамыту; 6.2.2 дыбыстарды биіктігі (жоғары, төмен, орташа) бойынша және ұзындығы (қысқа, ұзақ) бойынша ажырату; 6.2.3 мазмұны мен сипаты сан алуан түрлі музыкалық шығармаларды: марштық, би, көңілді, мұңды	7.2.1 музыкалық шығарма бөліктерін ажырату; 7.2.2 өлеңді сүйемелдеудегі және аспаппен орындаудағы әуенді тану; 7.2.3 музыкалық аспаптармен (сыбызғы) және олардың дыбысталуы мен танысу; 7.2.4 музыкадағы көркем бейнелерді ажыратуға тырысу	8.2.1 өлеңді сүйемелдеудегі және аспаптық шығармадағы әуенді ажырату; 8.2.2 музыкалық аспаптармен (саксофон, виолончель) және олардың дыбысталуы мен танысу; 8.2.3 музыкалық шығарма бөліктерін жіктеу; 8.2.4 динамикалық реңктердің (форте – қатты, пиано – ақырын) мәнерлілік мәні туралы қарапайым	9.2.1 марштарды (әскери, спорттық, мерекелік, ойнақы, қаралы), билерді (вальс, полька, полонез, танго, қол ұстасып айналып билеу) ажырату; 9.2.2 музыканың көп атқарымдылығы (көңіл көтеру, спорттық, демалуға, босаңсуға арналған музыка) туралы қарапайым

5.2.5 ірі музыкалық жанрлармен: опера, балет танысу	анықтау; 6.2.4 соло және хормен өлең айтумен танысу; 6.2.5 музыкалық шығармалар дағы әуеннің созылыңқы және үздік-создық болуы туралы түсініктің болуы; 6.2.6 әр түрлі музыкалық ұжымдармен : ансамбль, оркестр танысу; 6.2.7 опер, балет музыкалары мен танысуды жалғастыру		түсініктің болуы; 8.2.5 бейнелерді құруға көмектесетін музыкалық құралдар туралы түсініктің болуы	түсініктің болуы; 9.2.3 халық аспаптары оркестрінің құрылысы және дыбысталуы туралы түсініктің болуы; 9.2.4 қазақ халқының музыкалық аспаптарымен : домбыра, қобыз, жетіген, қылқобыз, сыбызғы, асатаяқ, шаңқобыз, сырнай танысу; 9.2.5 орыс халық аспаптарымен : домра, мандолин, баян, гусли, сыбызғы, гармонь, сылдырақ, ағаш қасықтар, бас-балалайкамен танысу
---	--	--	--	---

3) «Музыкалық-ырғақтық жаттығулар»:
3-кесте

Оқыту мақсаттары:				
5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып

<p>5.3.1 музыкалық шығарма бөліктерін қимылда бере білу, музыкалық тіркестерді кезектестіру;</p> <p>5.3.2 музыкадағы динамикалық көңіл күйді, тактының күшті бөліктерін қимылда бере білу;</p> <p>5.3.3 сан алуан түрлі қимылдардың қарқынын өздігінен жылдамдату және баяулату;</p> <p>5.3.4 әйгілі би қимылдарының элементтерін қолдана отырып, серіппелі, байсалды, екпінді қимылдарды орындау;</p> <p>5.3.5 өлеңмен және сөзбен сүйемелденетін шапшаң қимылды ойындарды</p>	<p>6.3.1 музыкадағы ырғақтық суретті, акцентті, қарқындық және динамикалық өзгерістерді өздігінен бере білуге жаттығу;</p> <p>6.3.2 музыкалық тіркес бөліктерінің, музыканың сәл қарама-қайшылығы бар бөліктерінің ауысуына сәйкес қимылын өздігінен өзгерту;</p> <p>6.3.3 әуеннің кіріспесінен кейін қимыл-қозғалысын бастау;</p> <p>6.3.4 әнмен және сөзбен сүйемелденетін шапшаң қимылды ойындарды ойнау</p>	<p>7.3.1 өлеңді сахналағандағы ойын бейнелерін бере білуге жаттығу;</p> <p>7.3.2 музыкалық әңгіменің толық желісін қимылда бере білу,</p> <p>7.3.4 рөлдерді аяқ астынан ауыстыруды жүзеге асыру;</p> <p>7.3.5 ойындар мен билерге нұсқалар ойлап табу;</p> <p>7.3.6 әрекеттерді затпен және қиялдағы затпен орындау;</p> <p>7.3.7 сан алуан түрлі қимылдардың қарқынын жылдамдату және ақырындату;</p> <p>7.5.8 допты шеңбер арқылы лақтыру: қатты бөлікте –</p>	<p>8.3.1 музыкадағы метрді, ырғақтық суретті, акцентті, қарқындық және динамикалық өзгерістерді өздігінен бере білуге жаттығу;</p> <p>8.3.2 музыкалық тіркес бөліктерінің, музыканың сәл қарама-қайшылығы бар бөліктерінің ауысуына сәйкес қимылын өздігінен өзгерту;</p> <p>8.3.3 әуеннің кіріспесінен кейін қимыл-қозғалысын бастау;</p> <p>8.3.4 әйгілі би қимылдарының элементтерін қолдана отырып, серіппелі, байсалды, екпінді қимылдарды орындау</p>	<p>9.3.1 музыкалық шығарма бөліктерін қимылда бере білу, музыкалық тіркестерді кезектестіру;</p> <p>9.3.2 музыкадағы динамикалық өршуді, тактының күшті бөлігін қимылда бере білу;</p> <p>9.3.3 өлеңді сахналағандағы ойын бейнелерін бере білуге жаттығу;</p> <p>9.3.4 музыкалық әңгіменің толық желісін қимылда бере білу,</p> <p>9.3.5 рөлдерді аяқ астынан ауыстыруды жүзеге асыру;</p> <p>9.3.6 ойындар мен билерге нұсқалар ойлап</p> <p>9.3.7 қиялдағы заттармен әрекеттену</p>
---	---	--	---	--

ойнау		лақтыру, оң жақтағы әлсіз бөлікте – допты ауаға лақтыру, сол жақтағы әлсіз бөлікте – ұстап алу		
-------	--	--	--	--

4) «Музыкалық аспаптарда ойнау»:

4-кесте

Оқыту мақсаттары:				
5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
5.4.1 дағыраны пайдалана білу, музыкалық шығармадағы күшті және әлсіз бөліктерін беру үшін бубен, дағыра, маракасты пайдалану; 5.4.2 ұсынылған ырғақтық суретті бубен, дағырада қайталауға тырысу; 5.4.3 музыкалық аспаптың пернелерінде оң және сол қолмен	6.4.1 қарапайым ырғақтық суреттерді бубен, дағырада екі таяқшамен бір мезгілде және кезекпен әр түрде түрлендіре орындау; 6.4.2 соқпалы-шулы құралдар мен фортепианода ойнау дағдыларын бекіту; 6.4.2 аспаптармен (гитара, арфа) олардың дыбысталуымен танысу	7.4.1 соқпалы-шулы құралдарда ойнау дағдыларын бекіту; 7.4.2 балалар пианиносында, аккордеонда, үрмелі сырнайда бір октава көлеміндегі жаттығуды ақырын қарқында орындау; 7.4.3 музыкалық аспаптармен (сыбызғы) олардың дыбысталуымен танысу	8.4.1 музыкалық аспаптармен (саксофон, виолончель) олардың дыбысталуымен танысу; 8.4.2 соқпалы-шулы металлофонда ойнау дағдыларын бекіту; 8.4.3 жеңіл жаттығуды, өлеңдерді балалар пианиносында, аккордеонда, үрмелі сырнайда орындау; 8.4.4 таныс өлеңнің негізгі әуенін музыкалық аспаптармен	9.4.1 балалар пианиносында, аккордеонда, үрмелі сырнайда бір октава көлеміндегі гамманы орташа қарқында орындау; 9.4.2 қарапайым әуендерді пернелі құралда ойнауды үйрену

<p>орташа қарқында бір октаваның бес нотасы көлемінде жоғары көтерілген және төмен түсетін гамманы орындау; 5.4.4 аспаптармен (виолончель, жетіген) олардың дыбысталуы мен танысу</p>			<p>бере білуге және берілген ырғақ бойынша таныс өлеңді анықтай білуге жаттығу</p>	
---	--	--	--	--

5) «Билер»:
5-кесте

Оқыту мақсаттары				
5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
<p>5.5.1 өткен сыныптардағы би элементтерін қайталау: аяқтың ұшымен адымдау, полька қадамы; 5.5.2 кең, биік жүгіріс, қатты секіріс, бүйірлей шабу қимылдарын меңгеру; 5.5.3 орыс билерінің</p>	<p>6.5.1 ойынның жаңа нұсқаларын, би қимылдарын ың элементтерін, оларды құрамдастыр уға үйрену; 6.5.2 қарапайым би композициясын құрастыру; 6.5.3 өлеңмен, сөзбен</p>	<p>7.5.1 «диско» стиліндегі заманауи би элементтерін меңгеру: қимылдарды қолымен, аяғымен, денесімен жеке орындау, содан кейін оларды әр түрлі би қимылдарында а үйлестіріп орындау; 7.5.2 заманауи би</p>	<p>8.5.1 ойынның жаңа нұсқаларын, би қимылдарын ың элементтерін, оларды құрамдастыр уға, қарапайым би композицияларын құрастыруға үйрену және ойлап табу; 8.5.2</p>	<p>9.5.1 «диско» стиліндегі заманауи би элементтерін орындау; қимылды орындаудың белгілі бір бекітілген дәйектілігі бар билер; 9.5.2 еркін тұруымен ерекшеленетін билерді меңгеру; 9.5.3 музыканың сипатын</p>

<p>элементтерін меңгеру: адымдап жүрелеу, аяғын өкшесіне қойып жартылай жүрелеу, бір орында және қозғала отырып жүрелеу, жартылай жүрелеу; 5.5.4 қимылды жұппен орындау: бүйірлей шабу, секіру; 5.5.5 қазақ билерінің элементтерін орындау; 5.5.6 халық билерінің негізгі қимылдарын меңгеру; 5.5.7 музыкалық –ырғақтық тапсырмаларды орындаудағы нақтылыққа қол жеткізу; 5.5.8 дирижер ишаратын түсіну – жер (қол төмен), жазық дала (қол жан-</p>	<p>сүймелденеті н ойындарды орындау; 6.5.4 музыкалық ертегілер мен өлеңдерді сахналау; 6.5.5 бұрын үйренген би элементтерін орындау; 6.5.6 әр түрлі халықтардың би элементтерін ажыратуға үйрену; 6.5.7 кадрилиь қадамын меңгеру: үш жай және бір жеңіл кадам, аяқтың ұшы созылған; 6.5.8 серіппелі жүгірісті, артқа қарай қозғала (арқамен) секіру, табанымен ұсақ қадамдарды жылдам орындауды меңгеру; 6.5.9 халық билерін үйрену.</p>	<p>элементтерін алдымен бір орында тұрып, баяу қарқында, содан кейін музыканың сүймелдеуімен қажетті қарқында қайталау; 7.5.3 жаңа жаттығуларды қосу, қимылдарды күрделендіру, қарқынды арттыру, қимыл амплитудасын арттыру; 7.5.4 би үшін өзінің қалауы мен мұғалімнің рұқсатымен заманауи музыканы пайдалану.</p>	<p>өлеңмен, сөзбен сүймелденеті н ойындарды орындау; 8.5.3 музыкалық ертегілер мен өлеңдерді сахналау; 8.5.4 3\4 шамасындағы музыканың ырғақтық сипатын қабылдауға үйрену; 8.5.5 биге үйрену – вальс (вальс-эзіл – қимыл ойнақы, секрістер, вальс-мазурка – сазды қимылдар); 8.5.6 қадамдарды пайдалану: күшті бөлікке – ұзын кадам, әлсізекі бөлікке – қысқа екі кадам (вальстегідей аяқтың ұшымен жүрген дұрыс болады); 8.5.7 қазақ, орыс, украин,</p>	<p>қолдың, аяқтың, дененің нақты, ырғақты қимылымен және қадамдардың ырғақты үйлесуімен бере білу; 9.5.4 би үшін өзінің қалауы мен мұғалімнің рұқсатымен заманауи музыканы пайдалану; 9.5.5 мектептік шараларға, мерекелерге, дискотекаға белсенді қатысу.</p>
---	--	---	--	--

жаққа), аспан (қол жоғары)			билерінің қимылдарын ажыратуға үйрену	
-------------------------------	--	--	--	--

56. Білім алушылардың психофизикалық және ақыл-ой даму ерекшеліктеріне байланысты ұзақ мерзімді жоспар тоқсандар бойынша реттелмейді. Тақырыптарды оқыту дәйектілігін мұғалім сыныптағы білім алушылардың психикалық және дене даму ерекшеліктерімен олардың музыкалық-ырғақтық қабілетіне қарай өзі анықтайды. Төртінші тоқсан уақытының басым бөлігі жыл бойы өткендерді бекітуге және жеке білім алушылардың білім алудағы кемшіліктерін жоюға арналады.